



# Матайқұм орта мектебі

2022-2023 оқу жылына арналған  
оқу жұмыс жоспары

Дияр ауылы

## Түсінік хат

Оқу жұмыс жоспарын құру барысында 2022-2023 оқу жылында «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды.

**Матайқұм орта мектебі** - білім алушылардың бейімділігімен қабілетіне сәйкес бағыттар бойынша кең ауқымда және білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім мекемесі.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11- сыныптарда-36 оқу аптасын құрайды.

**Мектептің түпінді мәселесі**- білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жаһандық деңгейдегі ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ордасын құру.

### Мектептің міндеті:

- ✓ Білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ Қауіпсіз және қолайлы білім алуға жағдай жасау;
- ✓ Білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ Цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.

«Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр», және т.б. жобалар іске асыру керектігіне баса назар аударылады.

Матайқұм орта мектебінде оқу жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделіп отырып әзірленеді.

### 2022-2023 оқу жылындағы нормативті құжаттар болып табылады

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы);
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6-қосымшасы бойынша өзгерістер енгізіліп оқу жоспары құрылды, «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МІІ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы);
- «Білімді ұлт», «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;

### 1-4 сыныптарда білім беру процесі:

2022-2023 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3



тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әлі Стандарт) бойынша жүзеге асырылады.

1-сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер: - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліпше» және «Ана тілі» пәндері оқытылады.

«Көркем еңбек» пәні 1-сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» түрінде оқытылады. Шет тілі және орыс тілі пәндері оқытылмайды.

#### **5-9-сыныптарды білім беру процесі:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымшамен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6-қосымшасы арқылы өзгерістер енгізіліп оқу жоспары жасалынды.

Оқу жылында оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-9 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсы енгізілді.

5-8 сыныптарды – 0,5 сағат(екі аптада бір рет), оқу жылында 18 сағат, 9-сыныпта- аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат оқу жүктемесін құрайды.

Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке не бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

#### **10-11 сыныптарда білім беру процесі:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 100-қосымшамен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 86-қосымшасы арқылы оқу жоспары жасалынды.

Оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 10-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді. Курс аясында «Кәсіпкерлік және бизнес» оқу курстары таңдап алынды.

2022-2023 оқу жылында Матайқұм орта мектебінде 9 класс комплектісі жинақталып, онда барлығы онда барлығы 56 оқушы білім алуға жағдай жасалынды.

2022-2023 оқу жылында Матайқұм орта мектебі шағын жинақталған мектептер қатарына жататындықтан бастауыш деңгейі бойынша **2-3-сыныптар**, негізгі деңгейі бойынша **5-7-сыныптар** бірігіп, 9-сынып комплектісі жинақталып, онда 56 оқушының білім алуына жағдай жасалған. Мектепте сонымен бірге шағын орталыққа 14 тәрбиеленуші тартылды. Қазіргі таңда осы оқу жылында мектепалды даярлық тобында 5 тәрбиеленуші оқиды.

2022-2023 оқу жылында Матайқұм орта мектебінде 22 педагогикалық мамандығы бар кадрлар жұмыс жасайды. Сонымен қатар, 1 шағын орталық тәрбиешісі бар.

#### **Сапалық құрамы**

Жоғары санат- 1 педагог

I санат- 1 педагог

II санат- 0

Санатсыз- 9

педагог-зерттеуші-3

педагог-сарайшы-3

педагог-модератор-5

#### **Мектеп құрылымы:**

- ✓ **Бастауыш білім деңгейінде** (1-4 кластар) - Бастауыш білім беру теориялық ойлау элементтерімен, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі түзету арқылы тәртібі мен мәдениетін қалыптастырады.
- ✓ **жалпы негізгі білім деңгейінде** (5-9 кластар) - негізгі мектептің негізгі және қосымша пәндерін меңгере отырып, өз бетінше таңдау жасай отырып, шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру арқылы тұлға қалыптастыруға бағытылған.



✓ **Орта білім деңгейінде** (10-11 кластар)- бейін бойынша негізгі қосымша білім беру бағдарламасын меңгеру негізінде, саралап оқыту, мамандыққа баулуға арналған.

- **Бастауыш білім деңгейінде** - апталық сағат саны 84,5, жыл бойы - 2887,5сағат
- **Жалпы негізгі білім деңгейінде** - апталық сағат саны - 142 сағат, жыл бойы -4500 сағат
- **Орта білім деңгейінде** - апталық сағат саны - 70 сағат, жыл бойы - 2520 сағат.
- **Барлық апталық сағат** - 296,5 сағат, жыл бойы - 9990 сағат.

Мектептегі бала санының аздығына әр кластағы оқушы саны 24 балаға жетпеуіне байланысты топқа бөлініп оқытылатын пәндер информатика, орыс тілі мен әдебиеті, шет тілі, дене шынықтыру пәндері топқа бөлінбейді.

"Цифрлық сауаттылық" пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген №496 "ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3-сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді).

"Цифрлық сауаттылық" оқу пәні білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жылының 3 тоқсанынан бастап 1-класс оқушыларына "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні жүргізіледі. 2-класс оқушыларына "Цифрлық сауаттылық" пәні оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап жүргізіледі.

#### **Бастауыш білім беру кластарының оқу жоспарындағы вариативті компонент бойынша**

Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

1-класс «Дыбыстар әлемі» -1сағат

Мақсаты: Танымдық іс-әрекеттер арқылы оқушыларды өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

4-класс «Компьютер әлемі» -1сағат.

Мақсаты: сабақты қызықты өткізе отырып, оқушылардың инновациялық қызығушылық қабілеттерін арттыру.

2-3кластарға – «Ақпараттық технология» - 1 сағат.

Мақсаты: Курсты жүргізе отырып, оқушылардың тез ойлау қабілетін және ақпаратты қабылдау дағдысын дамыту, пәнге қызықтыру.

#### **Негізгі орта білім беру кластарының оқу жоспарындағы вариативті компонент бойынша**

5-6 кластар "Жаһандық күзіреттілік курсы" 0,5 сағат. Мақсаты: Жаһандық азаматтық күзіреттерге не бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

7-8кластар "Жаһандық күзіреттілік курсы" 0,5 сағат. Мақсаты: Жаһандық азаматтық күзіреттерге не бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

1-класска "Зайырлылық және дінтану" курсы тандап алынды. 1 сағат. Мақсаты: білім алушыларды зайырлылық қандытын құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауға, дінн зайырлы таным аясында тануға үйрету.

#### **Жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім беру деңгейінің оқу жоспарының вариативті компонент ерекшеліктері**

10 класс Жаһандық күзіреттілік «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»-1 сағат.

Мақсаты: Кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша оқушыларға базалық білімдер беру; өз таңдауы үшін жауапкершілікке үйрету, кәсіпкерлік ойлау жүйесі мен белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру; қазіргі заманғы нарықтық жағдайда болашақтағы дербес әрекетіне қажетті дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру.

#### **Элективті курс:**

«Абайтану» -1 сағат. Мақсаты: Ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты дамыту, етжанлы, халқымыздың әдебиетінің өнерін, салт дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, ұлттық сана сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

«Микробиология»-1 сағат.

Мақсаты: Биологияны оқытуда микро биологиялық тапсырмаларын қолдану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру.

11-класс Жаһандық құзыреттілік «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»-1 сағат.

Мақсаты: Табысты кәсіпкерлік қызмет үшін қандай дағдылар қажет екенін түсіндіру, табысты кәсіпкердің дағдыларын қалай қалыптастыру керектігін білдіру, алған білімдерін сабақ тапсырмаларынан сұрақтарына жауап беру барысында қолдана алуға үйрету.

**Элективті курс:**

11-класс «Тапсырмалар мен сұрақтардағы биология» -1 сағат

Мақсаты: Олимпиадалық, конкурстық есептерді шығару алгоритмін жетілдіру, күрделі есептерді шығаруда алгебралық әдістерді пайдалану тиімділігін көрсету.

«Абайтану» 1 сағат. Мақсаты: Ұлы ақын шығармаларына терең де, жан-жақты дамыту, елжанды, халқымыздың әдебиетін өнерін, салт дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, ұлттық сана сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

...

Білім күні салтанатты жиын өткізіледі. 1-11 -сыныптарда 2022 жылдың 1 қыркүйегінде балалар жылына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақтар өткізіледі. Сынып сағаты аясында мұғалімдерге білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық, сондай ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту туралы бірлескен талқылау ұйымдастыруға, достық қарым-қатынастың жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығын ашуға кеңес берілді. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын, Роза Бағланованың 100 жылдығын, Қазыбек бидің 355 жылдығын, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығын және Қазақстан Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындауға ерекше назар аудару керектігі қажет екендігі ескертілді.

«Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» және т.б жобалар іске асыру керектігіне баса назар аударылады.



Матайқұм орта мектебінің жанындағы шағын орталық пен мектепалды даярлық тобының оқу жоспарына

#### **Түсінік хат**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 –ші бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 2-ші, 3-ші қосымшаларды басшылыққа ала отырып, жасалды. Ұйымдастырылған іс-әрекет мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени- әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекетін ұйымдастырумен іске асырылады.

Мектепалды даярлық тобында зерттеу, еңбек, дербес әрекеттер арқылы кіріктірілген ҮІӨ өткізіледі. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күн режимінде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, белсенді сөздікті байыту жұмыстары жүреді. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттау, балалар аспаптарында ойнау, ырғақты –музыкалық қимылдар жасау және музыкалық іс-әрекеттерге уақыт бөледі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту  
министрінің 2022 жылғы «9»  
қаркүйектегі  
№ 394 бұйрығына 2-ші қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің 2012  
жылғы 20 желтоқсандағы №557  
бұйрығына 2-қосымша

**Матайқұм орта мектебінің мектеп жасына дейінгі балаларға арналған  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары**

Рет №	Үйлестірілген іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынақтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****		

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы «9 \_\_\_\_\_» қыркүйектегі \_\_\_\_\_ №394 \_\_ бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымша

**Матайқум орта мектебінің мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары (5 жастағы балалар) (мектепалды дәірлік тобы)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат



Қазақ тілінде білім беретін Матайсұм орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары  
 ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы № 412 бұйрығымен 1-қосымшасы  
**Бастауыш саты +**  
**Бағалық/инвариантты/компоненті**  
 (жаңартылған оқу жүктемесі)

№	Оқу пәндері	1	2	2+3кл	3	4	Апталық жүктеме	Жылдық жүктеме
1	Әліпбе, Ана тілі	6					6	198
2	Қазақ тілі		4		4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу		3		3	3	9	306
4	Шет тілі			2		2	4	136
5	Орыс тілі			2		2	4	136
6	Математика	4	4		5	5	18	608
7	Ақпараттық ком. Техно-р	0,5		1		1	2,5	84,5
8	Жаратыластану	1	1		2	2	6	203
9	Дүниетану	1	1		1	1	4	135
10	Музыка	1		1		1	3	101
11	Көркем сәнбек	1		1		1	3	101
12	Бейнелеу өнері	1					1	33
14	Дене шынықтыру	3		3		3	9	303
	<b>Инвариантты оқу жүктемесі</b>	<b>18,5</b>	<b>23</b>	<b>38</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>91,5/81,5</b>	<b>2752,5</b>

1	Ақпараттық технология			1			1	34
2	Дыбыстар әлемі	1					1	33
3	Компьютер әлемінде					1	1	34
	<b>Вариантты компонент</b>	<b>1</b>		<b>1</b>		<b>1</b>	<b>3</b>	<b>101</b>
	<b>Барлығы</b>	<b>19,5</b>	<b>24</b>	<b>39</b>	<b>26</b>	<b>26</b>	<b>95,5/84,5</b>	<b>2853,5</b>

**Ескерту:** Оқушы санының толымсыздығына байланысты 2-3-сыныптар біріктірілген

Қазақ тілінде білім беретін Матайқұм орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы  
оқу жұмыс жоспары

Негізгі саты

ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы №412- бұйрығымен 6-қосымшасы  
Базалық/инвариантты/компоненті

(жаңартылған оқу жүктемесі)+

№	Оқу пәндері	5	5+7 кж	7	6	8	9	ағталық жүктеме	Жылдық жүктеме
1	Қазақ тілі		3		3	2	2	10	340
2	Әдебиеті		2		2	3	3	10	340
3	Русский язык и литература		3		3	3	3	12	408
4	Шет тілі	3		3	3	3	3	15	510
5	Математика/Алгебра Геометрия	5		5	5	5	5	25	850
6	Информатика	1		1	1	1	1	5	170
7	Жаратылыстану/география	2		2	2	2	2	10	340
8	Биология			2		2	2	6	204
9	Физика			2		2	2	6	204
10	Химия			1		2	2	5	170
11	Дүниежүзі тарихы	1		1	1	1	1	5	170
12	Қазақстан тарихы		2		2	2	2	8	272
13	Құқық негіздері						1	1	34
14	Музыка	1			1			2	68
16	Көркем еңбек/технология	2		1	2	1	1	7	238
17	Дене шынықтыру		3		3	3	3	12	408
	Барлығы:	28	46	31	28	32	33	152/139	4726

Вариативті компонент

Оқушы және мектеп компоненті бойынша сағаттардың бөлінісі

1	Жаһандық құзіреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	0,5		0,5	0,5	0,5	1	3	102
	Жалпы оқу жүктемесі	28,5	47	31,5	28,5	32,5	34	155/142	4828

Ескерту: Оқушы санының толымсыздығына байланысты 5-7-сыныптар біріктірілген



**Қазақ тілінде білім беретін Матайқұм орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары**

**Жоғары саты**

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің  
12.08.2022 № 412 бұйрығымен 86 қосымшасы\*

№	Оқу пәндері	10 сынып	11 сынып	Аптадық	Жылдық
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шетел тілі	3	3	3	102
5	Алгебра мен анализ бастамалары	4	4	8	272
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	2	2	2	68
12	Қазақстан тарихы	2	2	2	68
13	Дүние жүзі тарихы	1	1	2	68
14	Құқық негіздері	1	1	2	68
15	Дене шынықтыру	3	3	6	204
16	Алғашқы әскери дайындық	1	1	2	68
<b>Инвариантты оқу жүктемесі</b>		<b>32</b>	<b>32</b>	<b>64</b>	<b>2176</b>

1	Жаһандық күзінеттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	1	1	2	68
2	Абайтану	1	1	2	68
3	Микробиология		1	1	34
4	Сұрақтар мен тапсырмалар биологияда	1			34
<b>Вариантты оқу жүктемесі</b>		<b>3</b>	<b>3</b>	<b>6</b>	<b>204</b>
<b>Барлығы</b>		<b>35</b>	<b>35</b>	<b>70</b>	<b>2380</b>

**Қазақ тілінде білім беретін Матайқұм орта мектебінің 2022-2023**

**оқу жылында оқу жоспарындағы жалпы сағат саны**

№	Білім сатысы	Сағат саны	Қолданбалы курс	Таңдау (фақ)	Кластан тыс жұмыс	Үйірме	Барлығы
1	Бастауыш саты	81,5	3				84,5
2	Негізгі саты	139	2	1			142
3	Жоғары саты	64	4	2			70
<b>Барлығы:</b>		<b>284,5</b>	<b>9</b>	<b>3</b>			<b>296,5</b>